БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның I - II аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пәні: «Қалыпты жүйке жүйесі, сезу, көру, есту және тепе-теңдік мүшелері»

Пән коды: KZhZhSKETM 2209

ББ шифры мен атауы: 6B10115 «Медицина»

Оқу сағаты /кредит көлемі: 120 сағат/4 кредит

Оқу курсы мен семестрі: 2- курс, 3-семестр

Шымкент, 2025 жыл

Құрастырушылар: аға оқытушы Турекулова А.К.
аға оқытушы Джубанишбаева Г.Н.

Кафедра меңгерушісі Танабаев Б.Д.

Хаттама № 11 «27» 06 2025ж

Бағдарламаның I - аралық бақылауға арналған сұрақтары(анатомия)

1. Науқас бала 14 жаста. Менингит (ми мен жұлынның қабықшаларының қабынуы) болжам диагнозымен жұқпалы аурулар ауруханасына түсті. Диагнозды нақтылау үшін жұлын (цереброспинальды) сұйықтығын зерттеу қажет.
Анатомия: Жұлынның анатомиясы.
Гистология: Жұлынның гистологиялық препаратн сипаттаңыз.
Физиология: Жұлынның негізгі қызметтері. Белла-Мажанди заңы
2. Науқас А., 45 жаста, бел аймағындағы ауру сезіміне, дене қалпын өзгерту кезінде күшейетініне шағымданды, бел-сегізкөз радикулиті (тиісті жұлын- ми нервтерінің түбірлерінің зақымдануы) диагнозы қойылды.
Анатомия: Жұлын- ми нерв өрімдерінің түзілуін сипаттаңыз. (Бел- сегізкөз)
Гистология: Жұлын түйінінің гистопрепаратын сипаттаңыз
Физиологиясы: Жұлынның нейрондары. Сезгіш нейрондар
3. Науқас К., 30 жаста, емханаға есту қабілетінің бұзылуына, галлюцинацияға (тиісті сыртқы тітіркендіргіштердің жоқ болғанына қарамастан жалған қабылдаулар) және вестибулярлық бұзылыстарға шағымданып келді. Зерттеулер нәтижесінде төртінші қарыншаның түбінде (ромб тәрізді шұңқыр) ісік анықталды.
Анатомия: Мидың төртінші қарыншасының түбінің (ромб тәрізді шұңқыр) құрылысының ерекшеліктері
Гистология: Ми қыртысының цитоархитектоникасын сипаттаңыз
Физиологиясы: Ортаңғы ми. Қызыл ядроның қызметі.
4.Науқас 35 жаста К., дәрігерге келді. Науқасты қарап тексергенде тепе-теңдіктің бұзылуы, қозғалыс координациясының бұзылуы, бұлшықет тонусының төмендеуі анықталды.
Бұл клиникалық көрініс қандай жолдардың зақымдалуына тән? Есепті шешуге арналған сұхбат:Өткізгіш жолдардың классификациясы. Мишықтық бағытта проприоцептивтік сезімталдықтың өткізгіш жолдары.
Анатомия: Мишықтың құрылысы, топографиясы
Гистология: Мишық микропрепаратына сипаттама беріңіз
Физиологиясы: мишықтың орталық жүйке жүйесінің басқа құрылымдарымен байланысы (афферентті, эфферентті жолдар)
5. 49 жастағы С.есімді науқас, есте сақтау қабілетінің бұзылуына, жиі бас ауруына, тез шаршағыштыққа, жүрек соғысының жиілеуі шағымдарымен учаскелік дәрігерге қаралды. Науқас гипертонияның 2 сатысы (артериялық гипертензия) диагнозымен диспансерлік есепте тұрады. Дәрігер науқасты: невроз, астеновегетативті синдром, 2 дәрежелі гипертония болжамды диагноздарымен невропатологқа жіберді.
Анатомия: Сопақша ми: құрылысы, топографиясы
Гистология: мидың миелоархитектоникасын сипаттаңыз
Физиологиясы: сопақша мидың қызметі (вазомоторлы орталық)
6.Науқас Б. 14 жаста, жұқпалы аурулар емханасына менингит (бас миы және жұлын қабықтарының қабынуы) болжам диагнозымен келіп түсті. Диагнозды нақтылау үшін жұлын сұйықтығын зерттеу қажет
Анатомия: Жұлын ми сұйықтығының түзілуі, айналымы.
Физиология: Жұлынның қызметін сипаттаңыз. Жұлынның жоғары және төмен бағытталған жолдары.
Гистология: Жұлын каналын сипаттаңыз.
7. Бас миының негізінде компьютерлі томография нәтижесінде белгісіз түзілім анықталды. Негізгі клиникалық белгілерінің бірі екі көз алмасының да латеральды көру аймақтарының зақымдалуы.
Анатомия: Көпірдің құрылысы, топографиясы.
Физиология: Төрт төмпешіктің қызметі.
Гистология: Соматикалық рефлекторлық доғаны сипаттаңыз.

8.Аудандық ауруханаға 47 жастағы ер кісі шүйде аймағындағы ауырсынуға және сөйлеудің қиындауына шағымданып келді. Шағымдар бір күн алдын мұзға құлағаннан кейін басталған. Артқа қарай құлап, басының артқы жағын мұзға соғып алған. Шүйде аймағын пальпациялау барысында, басты қимылдату кезінде ауырсыну анықталды, тілін шығару кезінде оңға ығысады, сол жақ жартысы мыжылған, тіл бұлшықеттерінің фибриллярлы дірілі байқалады. Дәрігер бас сүйегі негізінің және сол жақ тіласты нервінің зақымдалуы деп болжады.
Анатомия: Ми негізіндегі бас ми нервтері түбірлерінің топографиясы.
Физиология: Синапс. Синапстың түрлері, медиаторлары.
Гистология:Перифериялық нервтің гистологиялық препаратын сипаттаңыз
9.Бас сүйегінің негізі сынған науқасты тексеру кезінде келесі белгілер: тілдің артқы үштен бірінің дәмдік және жалпы сезімталдығының жоғалуы, жұтқыншақ пен аранның сезімталдығының бұзылуы анықталды.
Анатомия: Тіл-жұтқыншақ нервінің бас миы негізінен және бас сүйектен шығу жерлері; тармақтары және нервтендіру аймақтары.
Гистология: жұлын-ми түйінінің гистопрепаратын сипаттаңыз.
Физиология: дәм сезу рефлексі рефлекторлық доғасының буындары.
10. 33 жастағы С.есімді науқас, невропатологқа тыныштық кезіндегі қолдарының дірілдеуіне және қобалжу кезіндегі дірілдің күшеюіне және қолжазбасының (почерк) бұзылуына шағымданып келді. Бір жылдай ауырып жүр. Соңғы айда бұл белгілер күшейіп, тұрақты сипатқа ие болды. Алдын ала диагноз қойылды: Паркинсон ауруы.
Анатомия: ортаңғы мидың құрылысы
Гистология: мидың цитоархитектоникасын сипаттаңыз.
Физиологиясы: ортаңғы мидың қызметі
11. Аудандық ауруханаға 47 жастағы ер кісі шүйде аймағындағы ауырсынуға және сөйлеудің қиындауына шағымданып келді. Шағымдар бір күн алдын мұзға құлағаннан кейін басталған. Артқа қарай құлап, басының артқы жағын мұзға соғып алған. Шүйде аймағын пальпациялау барысында, басты қимылдату кезінде ауырсыну анықталды, тілін шығару кезінде оңға ығысады, сол жақ жартысы мыжылған, тіл бұлшықеттерінің фибриллярлы дірілі байқалады. Дәрігер бас сүйегі негізінің және сол жақ тіласты нервінің зақымдалуы деп болжады.
Анатомия: Тіласты нервінің бас миы негізінен және бас сүйектен шығу жерлері; тармақтары және нервтендіру аймақтары.
Физиология: Бас миы шүйде аймағының қызметі.
Гистология: Мишық қыртысының гистологиялық сипаттамасы.
12. Дәрігер науқаста сенсорлық афазия белгілерін анықтады, яғни науқас дыбыстарды естиді, бірақ сөздерді түсіну қабілетін жоғалтты.
Анатомия: патологиялық ошақтың қай жерде екенін анықтаңыз. Мидың самай бөлігінің иірімдері мен жүлгелерін атаңыз.
Физиология: жаңа қыртыс, оның орталықтары
Гистология: ми миелоархитектоникасын сипаттаңыз
13. 50 жастағы науқас шүйде сүйек аймағында жабық ми жарақатымен ауруханаға жатқызылды. Тексеру кезінде: жүру мен тепе-теңдіктің бұзылуы, қолдың дірілі анықталды.
Анатомия: мидың қай бөлігі зақымдалған? Зақымдалған құрылымды сипаттаңыз
Физиология: мишықтың қызметі
Гистология: мишықтың гистопрепаратын сипаттаңыз
14. Науқас ми қанайналымы бұзылғаннан кейін әріптер мен сандарды жазу қабілетін жоғалтты.
Анатомия: патология мидың қай бөлігінде пайда болды? Мидың маңдай бөлігінің жүлгелері мен иірімдерін атаңыз
Физиология: ми қыртысының қызметі
Гистология: ми қыртысының гистопрепаратын сипаттаңыз
15. Дене температурасының тұрақты төмендеуіне, көру қабілетінің нашарлауына және семіздікке шағымданған науқаста тексеру кезінде түрік ершігі аймағында ісік анықталды.

Анатомия: Ісікпен қандай анатомиялық құрылым зақымдалған? Гипоталамус құрылысы, топографиясы. III қарынша.
Гистология: мидың цитоархитектоникасын сипаттаңыз
Физиология: функции промежуточного мозга.
16. Бас сүйек негізінің артқы бас сүйек шұңқыры аймағында сынуы, өмірлік маңызды орталықтары (қан айналымы және тыныс алу) бар ми сабауының зақымдалуы өлімге әкелуі мүмкін.
Анатомия: сопақша мидың құрылысы және топографиясы
Гистология: мидың миелоархитектоникасын сипаттаңыз.
Физиология: сопақша ми қызметі.
17. Ми жарақатынан кейін науқаста жұлын-ми сұйықтығының түзілуі бұзылды.
Анатомия: Жұлын-ми сұйықтығының (ликвор) түзілуі және айналымы.
Гистология: жұлын-ми сұйықтығының түзілуіне қатысатын нейроглия жасушаларын сипаттаңыз
Физиология: жұлын-ми сұйықтығының қызметі.
18. Науқасты инсульттан (ми тінінің өліміне әкелетін мидың қанмен қамтамасыз етілуінің бұзылуы) кейін қарау кезінде келесі белгілер байқалды: жоғарғы қабақтың төмен түсуі, мұрын-ерін қатпарының тегістелуі, ауыздың бұрышының төмен түсуі. Дәрігер ымдау бұлшықеттерінің қызметі бұзылған деген қорытынды жасады.
Анатомия: Ымдау бұлшықеттерін қандай нерв нервтендіреді? Нервтің бас миы негізінен және бас сүйектен шығу жерлері, тармақтары.
Гистология: шеткері нерв гистопрепаратын сипаттаңыз
Физиология: бас миынан шығатын нервтердің қозғалтқыш талшықтарының қызметі.

Бағдарламаның II аралық бақылауға арналған сұрақтары (физиология)

19.Патологиялық процесс ромбтәрізді шұңқырдың латеральды бұрыштарында орналасқан. Олардың зақымдануы кезінде науқаста есту және тепе-теңдік сезімі бұзылуы мүмкін.
Анатомия: есту және тепе-теңдік анализаторының ядроларын сипаттаңыз
Гистология: мишық гистопрепаратын сипаттаңыз .
Физиология: ромбтәрізді шұңқырдың латеральды ядроларының қызметі
20. Науқастың рентгенограммасында алдыңғы бас сүйек шұңқырының орталық бөлімі (торлы сүйектің тесіктелген табақшасы) аймағында үлкен
патологиялық ошақ табылған.
Анатомия: зақымдалған анализатордың өткізгіш жолын сипаттаңыз.
Физиология: қандай анализатордың қызметі бұзылуы мүмкін? Қалыпты жағдайдағы анализатор қызметі
Гистология: Иіс сезу ағза гистопрепаратын сипаттаңыз.
21. Бас миының негізінде компьютерлі томография нәтижесінде белгісіз түзілім анықталды. Негізгі клиникалық белгілерінің бірі екі көз алмасының да латеральды көру аймақтарының зақымдалуы.
Анатомия: Бұл белгілер көру анализаторының өткізгіш жолдары зақымданғанда байқалады. Көру анализаторының өткізгіш жолдарына сипаттама беріңіз.
Физиология: Көру өрісін анықтаңыз.
Гистология: Гистологиялық препаратты сипаттаңыз.
22. Сол құлағының естімей қалуына шағымданған науқасты тексеру барысында ұлулық түтіктің ішінде орналасқан спиральды ағзаның зақымдануы анықталды.
Анатомия: ұлудың құрылысын сипаттаңыз
Физиология: Кортиев ағзасының жеке бөлімдерінің қызметін сипаттаңыз.
Гистология: ұлудың аксиальды кесіндісінің микропрепаратын диагностикаланыз

23. Науқас жол апаты болған жерден қабылдау бөліміне жеткізілді. Тексеру кезінде: санасы жоқ, терісібозғылт түсті, ұйқы артерияларында импульс анықталмайды, тыныс жоқ, қарашығы кеңейген, жарыққа жауап бермейді.
Анатомия- Көз алмасының және оның қабықтарының құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Ми бағананың тонустық рефлекстері.
Гистология- Жұлын түйіндерді сипаттаңыз.
24. 38 жастағы науқас И., бел-сегізкөз омыртқасының остеохондрозы диагнозы қойылған өршу сатысында, неврология бөлімінде стационарлық ем қабылдауда. Науқас медбикеге бас ауруы, әлсіздік, бас айналуға шағымданды.
Анатомия- Ішкі құлақтың құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Жұлынның негізгі өткізгіш жолдары. (Жоғары және төмен кететін сезгіш, қозғалтқыш жолдары).
Гистология- Шеткі нерв гистопрепаратың сипаттаңыз.
25. Нейрохирургиялық бөлімге "жабық бас миының жарақаты" диагнозы қойылған науқас түсті. Мидың шайқалуы. Желке аймағындағы бассүйекішілік гематомаға күдік.
Анатомия– Афференттік және эфференттік жолдар мен олардың нейрондарын сипаттаңыз.
Физиология- Мидың түпкі (базалдың) түйіндері.
Гистология- Мишық гистопрепаратың сипаттаңыз.
26.Таудан түскенде шаңғышы құлап, бірнеше секундқа есінен танып қалды. Тексеру кезінде: санасы айқын, оң жақ маңдай аймағындағы гематома, ОЖЖ аймақтықзақымданубелгілеріжоқ. Бас ауруына, жүрекайнуынашағымданады, бір рет құсу болды.
Анатомия- Көз алмасының, оның қабықтарының және көздің қосалқы ағзаларының құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Ежелгі және ескі қыртыс
Гистология- Ми қыртысының цитоархитектоникасы гистопрепаратың сипаттаңыз
27. Емханаға 45 жастағынауқаскөзденіріңдібөліндігешағымданыпкелді.
Тексерукезіндекірпіктердіңіріңдібөліндімен жабысуы анықталды, қабағында қабыршақтар, көздіңішкібұрышындаіріңніңжиналуыбайқалады.
Анатомия- Көз жас аппаратының және қосалқы ағзаларының құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Көру талдағыштары.Көздің көру аймағын анықтау.
Гистология- Көздің мөлдір қабығын сипаттаңыз
28. Таңертеңгіқұлақтың тазалауын өткізген медбике науқастың сыртқы құлақ арнасында күкірт көп екенін байқады. Науқас қышу мен есту қабілетінің төмендеуіне шағымданады.
Анатомия- Сыртқы және ортаңғы құлақтың құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Есту талдағыштарының физиологиясы.
Гистология- Корти ағзасын сипаттаңыз
29.Науқас, мойын омыртқалары аймағында сынық затпен жарақат алды. Ол қысқа уақытқа есінен танып қалды, есінжинағаннан кейін қолдары мен аяқтарын қозғалта алмады. Операциядан кейін қозғалыстар қалпына келе бастады, әсіресе оң қолдары мен оң аяқтары.
Анатомия- Пирамидалық (қыртыс-жұлындық) жолдың құрылысын, оның нейрондарын және талшықтарының өтуін сипаттаңыз.
Физиология- Мидың қыртысындағы электрлік құбылыстар.
Гистология- Вегетатавті түйінді сипаттаңыз
30. Науқас Н., 34 жаста, жұлын жарақатынан кейін травматологиялық бөлімнен нейрохирургиялық бөлімге ауыстырылды. Есі анық. Жалпы жағдайы ауыр. Арқасында жатыр, қозғалыссыз, тыныс алу тез. Тонусы төмендеген, терең рефлекстері жоқ, патологиялық рефлекстер жоқ. Аяқтарында қозғалыс жоқ.
Анатомия- Төмендеуші (эфференттік) өткізгіш жолдардың құрылысын, олардың негізгі нейрондарын және талшықтарының өтуін сипаттаңыз.
Физиология- Лимбиялық жүйе.
Гистология- Жұлын гистопрепаратың сипаттаңыз

31. Науқас Ж., 58 жаста, жұлын нейрохирургиялық бөліміне оң аяғындағы қозғалыстың жоқтығы және сол аяғының ұйып қалуына шағымданып түсті. Сезімталдықты зерттеу кезінде: оң аяқта терең сезімталдықтың болмауы анықталды.
Анатомия- Жоғарлаушы (афференттік) сезімтал өткізгіш жолдардың құрылысын, олардың нейрондарын және талшықтарының өтуін сипаттаңыз.
Физиология- Жаңа қыртыс. Ондағы әрекеттік аймақтар мен орталықтар.
Гистология- Вегетативті рефлекторлы доғаны сипаттаңыз
32.Науқас : 45 жастағы әйел жиі бас ауыруына, көзінің тұмануы мен кейде қос көруіне шағымданады. Неврологиялық тексеру кезінде қарашықтың аккомодациясының бұзылуы және рефлекстердің өзгеруі байқалды. Анамнез: Симптомдар алты ай бойы біртіндеп күшеюде.
Анатомия : Көздің ішкі ортасының (көз бұршағы, шыны тәрізді дене) және аккомодацияны қамтамасыз ететін көз бұлшықеттерінің құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Аралық мидың бөлімдері. Гипоталамустың қызметі
Гистология- Көз бұршағы гистопрепаратың сипаттаңыз
33.Науқас А., 32 жаста, көлік апаты кезінде басы мен оң иығын көлік кабинасының қабырғасына қатты ұрған. Есінен танып қалды. Жарақат 6 сағат бұрын болған. Оң жақ мойын-шүйде аймағындаүлкен гематома бар.
Анатомия- Сыртқы құлақтың құрылысын, оның негізгі бөліктерін және есту анализаторындағы қызметін сипаттаңыз.
Физиология- Тактильді және иіс талдағыштары.
Гистология- Торлы қабықтың гистопрепаратың сипаттаңыз.
34. 50 жастағы әйелге глаукома диагнозы қойылды (көздің алдыңғы камерасынан сұйықтықтың шығуының бұзылуына байланысты көзішілік қысымның жоғарылауы). Емдеу ретінде оған көз қуысы бұлшықетінің М-холинергиялық рецепторларын ынталандыратын М-холиномиметикалық заттар тағайындалды. Көз ішілік сұйықтықтың шығуындағы бастапқы буын қандай және ол қай жерде орналасқан?
Анатомия-Көру анализаторының өткізгіш жолдарының құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Торлы қабақтың құрылымы мен қызметі. Көздің бейімделуі.
Гистология- Торлы қабықтың құрылысы сызбасың сипаттаңыз
35.Өндірістік шуы бар цехта көп жылдар бойы жұмыс істеу нәтижесінде 30 жастағы жұмысшы 10 000-нан 18 000 Гц-ке дейінгі дыбыс жиілігін қабылдау диапазонын сақтап қалды. Бұл жұмысшыда дыбыс анализаторының қай бөлімі зақымдалған?
Анатомия-Есту анализаторының өткізгіш жолдарының құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Есту талдағышының жолдары мен орталығы
Гистология- Ішкі құлақтың сызбасың сипаттаңыз
36. Бөлмеге кірген адам лалагүлдің күшті иісін сезді. Біраз уақыттан кейін оның иісін сезбей қалды. Неліктен бұл бөлмеде ұзақ уақыт болған адамдар бұл иісті иіскеуді тоқтатады?
Анатомия- Иіс сезу анализаторының өткізгіш жолдарының құрылысын сипаттаңыз.
Физиология- Иіс талдағыштарының физиологиясы.
Гистология- Иіс сезу жасушасың сипаттаңыз
37.Өмірдің алғашқы жылдарындағы балалар жиі отит (ортаңғы құлақтың қабынуы) дамытады, оның себебі мұрын-жұтқыншақтан патогендік микрофлораның енуі болып табылады. Мұрын-жұтқыншақ микроорганизмдері ортаңғы құлақ қуысына қалай енеді? Балалардағы риногенді отиттің жиірек болуына қандай жасқа байланысты морфологиялық белгілер ықпал етеді?
Анатомия- Есту және тепе-теңдік анализаторының ядроларын сипаттаңыз
Физиология- Тактилді талдағыштар. Ноцицепция.
Гистология- Есту мүшесінің жасушаларың сипаттаңыз